

**"Қазақстан Республикасының әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы 2019 жылғы мемлекеттік сыйлығын беру туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 1 қарашадағы № 818 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы 2019 жылғы мемлекеттік сыйлығын беру туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*А. Мамин*

**Қазақстан Республикасының әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы 2019 жылғы мемлекеттік сыйлығын беру туралы**

Қазақстан Республикасының әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы мемлекеттік сыйлығын беру жөніндегі комиссияның шешімін қарап, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасының әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы 2019 жылғы мемлекеттік сыйлығы:

1) "Ұлттық құрамы бар балаларға арналған және емдік-профилактикалық тағам өнімдерін ғылыми өндеу және өнеркәсіптік өндіру бойынша инновациялық кластерлер" тақырыбындағы жұмыстар циклі үшін:

"Қазақ тағамтану академиясы" қоғамдық бірлестігі" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің президенті, медицина ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі Төрегелді Шармановқа;

"Қазақ тағамтану академиясының "Амиран" зауыты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры, "Қазақ тағамтану академиясы" қоғамдық бірлестігі" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің аға ғылыми қызметкері Жанкелді Мұсылманбекұлы Әбжаппаровқа;

"ЕвразияИнвест LTD" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры, экономика ғылымдарының кандидаты Қадырбек Қақуұлы Мейрамбековке;

"ЕвразияИнвест LTD" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі директорының орынбасары, экономика ғылымдарының магистрі Ғалымжан Қадырбекұлы Мейрамбековке;

"Қазақ тағамтану академиясы" қоғамдық бірлестігі" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің вице-президенті, биология ғылымдарының докторы, профессор Юрий Александрович Синявскийге;

"Ордабасы құс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің байқау кеңесінің төрағасы, экономика ғылымдарының кандидаты Сергей Александрович Терещенкоға;

"Қазақ тағамтану академиясының "Амиран" зауыты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры, "Қазақ тағамтану академиясы" қоғамдық бірлестігі" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің аға ғылыми қызметкері, техника ғылымдарының докторы Руслан Борисович Юнға;

2) "Қазақстан Республикасы табиғи-шаруашылық жүйелерін ұлттық қауіпсіздік тұрғысында сумен тұрақты қамтамасыз ету саласындағы ғылыми жұмыстар циклі" тақырыбындағы жұмыстар циклі үшін:

"География институты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры, география ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі Ахметқал Медеуге;

"География институты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі директорының ғылым жөніндегі орынбасары, география ғылымдарының кандидаты Саят Құрбанбайұлы Әлімқұловқа;

"География институты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің су проблемалары бөлімінің жетекшісі, география ғылымдарының докторы, профессор Жақыпбай Достайұлы Достайға;

"Қазақ ұлттық аграрлық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамының басқарма төрағасы - ректор, экономика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі Тілектес Исабайұлы Есполовқа;

"География институты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің аға ғылыми қызметкері, география ғылымдарының докторы, техника ғылымдарының кандидаты, профессор Игорь Михайлович Мальковскийге;

"География институты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің аға ғылыми қызметкері, география ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі Игорь Васильевич Северскийге;

"География институты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің табиғи-шаруашылық жүйелерді сумен қамтамасыз ету және математикалық модельдеу зертханасының жетекшісі, география ғылымдарының докторы Лидия Сергазықызы Төлеубаеваға;

"География институты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің су ресурстарын бағалау зертханасының жетекшісі, география ғылымдарының кандидаты Айсұлу Алашқызы Тұрсыноваға;

3) "Мал шаруашылығын дамытудағы жаңа инновациялық жетістіктер (мал шаруашылығы, қой шаруашылығы, жылқы шаруашылығы, түйе шаруашылығы, ветеринария)" тақырыбындағы жұмыстар циклі үшін:

"Байсерке-Агро" оқу ғылыми-өндірістік орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры, жаратылыстану ғылымдарының магистрі Дәурен Маратұлы Бекеновке;

"Байсерке-Агро" оқу ғылыми-өндірістік орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің аға ғылыми қызметкері, PhD докторы Мурат Ашрафович Алиевке;

"Байсерке-Агро" оқу ғылыми-өндірістік орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің аға ғылыми қызметкері, Қазақстан Республикасының Ұлттық инженерлік ғылымдар академиясының академигі Темірхан Мыңайдарұлы Досмұхамбетовке;

"Байсерке-Агро" оқу ғылыми-өндірістік орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас ғылыми қызметкері, ветеринария ғылымдарының докторы, профессор Николай Петрович Ивановқа;

"Байсерке-Агро" оқу ғылыми-өндірістік орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас ғылыми қызметкері, ветеринария ғылымдарының докторы Айдар Мырзахметұлы Наметке;

"Байсерке-Агро" оқу ғылыми-өндірістік орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас ғылыми қызметкері, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Төлеухан Садықұловқа;

"Байсерке-Агро" оқу ғылыми-өндірістік орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің аға ғылыми қызметкері, техника ғылымдарының магистрі Сәуле Нұрғалиқызы Сарымбековаға;

"Байсерке-Агро" оқу ғылыми-өндірістік орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас ғылыми қызметкері, ветеринария ғылымдарының докторы, профессор Ахметжан Әкиұлы Сұлтановқа;

4) "ҚазТрансОйл" акционерлік қоғамының мұнай құбыры маршруттары бойынша мұнай және мұнай қоспаларын тасымалдауда энергия үнемдеуді ғылыми-техникалық қамтамасыз ету" тақырыбындағы жұмыстар циклі үшін:

"Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамының ректоры, экономика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі Ескендір Қалыбекұлы Бейсембетовке;

"Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамының "Энергетикадағы модельдеу"

ғылыми-өндірістік зертханасының "Компьютерлік модельдеу және бағдарламалық қамтылым" бөлімінің басшысы, техника және технология магистрі Тимур Талғатұлы Бекібаевқа;

"Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамының "Энергетикадағы модельдеу" ғылыми-өндірістік зертханасының меңгерушісі, техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі Ұзақ Кайырбекұлы Жапбасбаевқа;

"Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамының ғылым жөніндегі проректоры, "Металлургия және кен байыту институты" акционерлік қоғамының бас директоры - басқарма төрағасы, техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының құрметті академигі Бақдәулет Кенжалыұлы Кенжалиевке;

"ҚазТрансОйл" акционерлік қоғамының Техникалық саясат департаментінің ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар және инновация секторының бас менеджері, химия ғылымдарының докторы, Қазақ ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі Ербол Махматовқа;

"ҚазТрансОйл" акционерлік қоғамының Техникалық саясат департаментінің директоры, техника ғылымдарының кандидаты, профессор Берік Қартаңбайұлы Саяховқа берілсін.

2. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

*Қ.Тоқаев*